


Қаралды:  
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің  
«Күләш Байсейітова атындағы  
дарынды балаларға арналған  
РММОМИ» РММ  
Педагогикалық кеңесінің  
21 ж. «08» 01 № 4 хаттамасы

Бекітемін:  
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің  
«Күләш Байсейітова» атындағы  
дарынды балаларға арналған  
РММОМИ» РММ директоры  
Абдрашев Б.Т.



## Білім алушыларды қабылдау ҚАҒИДАЛАРЫ

### 1. Жалпы ережелер

1. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – мектеп-интернат) білім алушыларды қабылдау қағидалары Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген.
2. Мектеп-интернат оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ мектеп-интернаттың Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.
3. Мектеп-интернаттың білім беру қызметінің ерекшелігіне және мамандандырылған музыкалық бағытына сәйкес мектеп-интернатқа қабылдау үміткерлерді 1-ші сыныпқа және бос орындарға конкурстық іріктеу жолымен жүзеге асырылады.
4. Білім алушылар қатарына және мектеп жанындағы интернаттың тәрбиеленушілері қатарына қабылдау мектеп-интернат директорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
5. Білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау кезінде мектеп-интернат директоры білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасайды.
6. Мектепке түсу құқығын Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты өмір сүретін басқа мемлекеттер азаматтарының балалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ратификацияланған келісімдерге сәйкес шетелдік азаматтардың балалары пайдаланады.

### 2. Құжаттарды қабылдау тәртібі

1. Мектеп-интернат өзінің интернет-ресурсында 1-ші сыныпқа және бос орындарға конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде сынып-жинақталымдарды қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін квотаны орналастырады.
2. 1-ші сыныпқа және бос орындарға түсу конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау түсушілердің ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 сәуірінен 25 мамырына дейін жүргізіледі. Айрықша

жағдайларда (түрлі сипаттағы ТЖ орын алған және карантиндік немесе шектеу шаралары жарияланған кезде) құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылға белгіленген уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Мектеп-интернаттың интернет-ресурсында 1 ай бұрын құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру орналастырылады.

3. Мектеп-интернат директорының бұйрығымен құжаттарды қабылдау үшін жауапты тұлға тағайындалады. Жауапты тұлға конкурсқа қатысуға үміткерлердің электрондық базасын құруға жауапты болады, қажетті тізімдер әзірлейді және үміткердердің өкілдерін тыңдалымдар мен тестілеулер күндері туралы хабардар ету бойынша жұмысты жүзеге асырады.

4. Конкурсқа қатысу үшін үміткердің ата-анасы (заңды өкілі) белгіленген мерзімде онлайн немесе офлайн форматта мектеп-интернатқа жауапты тұлғаға келесі құжаттарды тапсырады:

- баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен өтініш;
- ЖСН көрсетілген үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- үміткердің 3x4 көлеміндегі 2 дана фотосуреті;
- медициналық құжаттардың көшірлемелері: денсаулық паспорты, жеке медициналық карта (№ 26 н.), профилактикалық екпелер картасы (№ 63 н.);
- үміткердің оқу орнынан ұйымның мөрімен расталған анықтама (бос орындарға түсушілер үшін);
- бар болса республикалық конкурстарға қатысқаны туралы дипломдардың көшірмелері қоса беріледі (бос орындарға түсушілер үшін);
- электрондық үкімет порталы (e-gov) арқылы алынған, тұрғылықты жерін растайтын құжат: өтініш берген күні тіркелген тұрғылықты мекенжайы туралы скриншот (мектеп жанындағы интернатқа мұқтаждар үшін).

5. Конкурсқа қатысу туралы өтінішті белгіленген мерзімнен кеш беру немесе құжаттар топтамасын толық ұсынбау құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіз бола алады.

### **3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

1. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте оқу үшін балалардың қажетті музыкалық қабілеттерін айқындау және анықтау ерекшелігіне байланысты конкурс офлайн режимінде өтеді.

2. 1-ші сыныпқа және бос орындарға білім алушыларды конкурстық іріктеуді өткізу үшін қабылдау комиссиясы құрылады, оның құрамына мектеп-интернаттың жетекші педагогтері, «ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

3. Конкурстық талаптар, конкурстық турларды өткізу кестесі мектеп-интернаттың интернет ресурсында орналастырылады.

4. 1-ші сыныпқа түсу үшін конкурсқа алты жастағы және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балалар жіберіледі.

5. 1-ші сыныпқа түсушілерге қойылатын шартты талаптар: психофизикалық жарамдылығы, аспапқа икемделуі, орындаушы аппаратының сәйкестігі және т.б., дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте кәсіби оқу үшін физиологиялық ерекшеліктерінің болуы; созылмалы

ауруларының, туа біткен патологиясы, зақымдары және орындаушы аппаратындағы кемшіліктерінің болмауы. Үрмелі аспаптар бөліміне түсу үшін кәсіби жарамсыздықтың анық көрінетін белгілері: дұрыс бітпеген ерін (қоян жырығы), алдыңғы тістері қисық, тістүйістің аномалиясы және т.б. бар балалар жіберілмейді.

6. Денсаулық жағдайы бойынша ерекше күтімді қажет ететін, бір мезгілде музыкалық және жалпы білім беретін екі мектепте үлкен жүктеме алуға рұқсат етілмеген балалар конкурсқа жіберілмейді (Ауралардың шартты тізбесі: ДЖК растаған нерв жүйесінің органикалық зақымдары, жүректің туа біткен ақаулары, туа біткен даму ақаулары, коллагеноздар, бауырдың ауыр дерті, эпилепсия, туберкулез, энурез және т.б.).

#### 4. Конкурстық талаптар

1. Дарынды балалардың музыка өнерінің негіздерін терең игеруіне бағытталған мектеп-интернаттың білім беру қызметінің ерекшелігіне сәйкес, сондай-ақ үміткерлердің функционалды кәсіби, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында 1-ші сыныпқа түсу үшін конкурстық іріктеудің 3 туры өткізіледі:

- I тур – табиғи музыкалық қабілеттерін анықтауға тестілеу (*есту қабілетін, ырғағын, музыкалық жадын, интонациясын және т.б. тексеру*);
- II тур – түсушілердің музыкалық қабілеттерін неғұрлым терең диагностикалау және бағалау (*күрделендірілген ырғақты топтармен 4 және одан да көп такттан тұратын әуендердің үзінділерін қайталау, және т.б.*), дайындығы бар балалар үшін аспаптарда бірнеше пьеса орындау;
- III тур – музыкаға дарынды балаларға арналған мектепте білім алуға балалардың психологиялық дайындығына тестілеу (*Жеке тұлғалық дайындығы – мотивациялық саласының, эмоциялық тұрақтылығының дамуы; Зияткерлік дайындығы – жалпы ой-өрісі, сөздік қоры, ауызекі сөйлеу тілі, ұсақ моториканы игеруі, танымдық процесстерінің дамуы (зейін, жад, ойлау, қиялдау), ақпаратты талдау, қорыту, жіктеу, қорытынды шығару икемі; Әлеуметтік-психологиялық дайындығы – баланың басқа балалармен қолайлы өзара қатынас орнатуға икемі, бірлесіп жұмыс істеуге, жол беруге, тыңдауға және қоғамдық тәртіп нормаларын сақтауға икемі*).

2. III турдың қорытындылары бойынша комиссия үміткерлерді қабылдаған кезде ескерілетін «мектепте оқуға дайын», «мектепте оқуға дайын емес» шешімін шығарады.

3. 1-ші сыныпқа және бос орындарға конкурстық іріктеуді өткізуге арналған тест тапсырмаларын мектеп-интернаттың мамандары әзірлейді, қабылдау комиссиясымен келісу процедурасынан өтеді және мектеп директорымен бекітіледі.

4. 1-ші сыныпқа түсетін үміткерлерді конкурстық іріктеудің әрбір турының қорытындылары конкурстық комиссияның хаттамасымен рәсімделеді және конкурстық іріктеудің әрбір туры өткеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей мектеп-интернаттың интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Бос орындарға түсу үшін конкурстық іріктеу мамандық бойынша үміткердің бағдарламасын (этнод, полифония, ірі форма, пьесалар және т.б.) қабылдау комиссиясының тыңдауы және оның теориялық білімі көлемінің, практикалық дағдыларының деңгейін және түсу сыныбын ескере отырып, сольфеджио, музыка теориясы мен гармония бойынша мектептің оқу бағдарламасына сәйкестігін анықтау (парақтан оқу, сольфеджио бойынша әуен, естуін талдау, гармония бойынша кезеңдер мен секвенцияларды ойнау) жолымен жүргізіледі.

5. Білім алушыларды қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін ғимаратқа, аудиторияға кіргізу үшін және конкурстық іріктеу өткізу орнына бейнебақылау жүзеге асырылады.

6. Мектеп-интернатқа түсушілерге қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, конкурстық тыңдалымдарды бағалаудың даулы мәселелерін шешу және үміткерлердің түсу емтихандарында алған нәтижелерімен келіспейтін ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініштерін қарау мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

7. Апелляциялық комиссияның құрамына тәуелсіз сарапшылар ретінде Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы қаласының музыкалық білім беретін басқа да мекемелерінің алдыңғы қатарлы мамандары, педагог-музыканттары кіруі мүмкін.

### **5. Білім алушыларды мектеп-интернатқа оқуға қабылдау**

1. 1-ші сыныпқа оқуға қабылдау хаттамамен рәсімделген 3 турдың нәтижелері негізінде қабылдау комиссиясының ұсынымдары бойынша жүргізіледі. Барлық турдан өткен және I, II турдың қорытындылары бойынша ең жоғары балл алған конкурсанттар 1-ші сыныпқа оқуға қабылданады.

2. 1-ші сыныпқа түсу конкурсының қорытындылары бойынша қабылдау комиссиясы негізгі бос орындарға симаған түсушілердің қатарынан жиналған балдардың сомасы бойынша кему тәртібімен үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастырады.

3. Аспаптар бойынша бөлу құқығы қабылдау комиссиясына беріледі. Оқыту тілін таңдау құқығы ата-анаға ұсынылады.

4. Конкурс аяқталған соң қабылдау комиссиясының ұсынымдары бойынша мектеп-интернаттың директоры келесі оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап оқушыларды 1-ші сыныпқа оқуға қабылдау және үміткерлерді резервтік тізімге енгізу туралы бұйрық шығарады.

5. Резервтік тізімге енгізілген үміткерлер 1 қыркүйекке дейін бос орын пайда болған жағдайда жазғы кезең ішінде мектепке қабылдана алады. Жазғы кезеңде үміткерлердің резервтік тізімінен мектепке қабылданбаған үміткерлер мектепке жалпы тәртіптерге сай түседі.

6. Үміткерлерді бос орындарға оқуға қабылдау мектеп директорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде жүргізіледі. Бос орындардың санына сәйкес жинаған ең жоғары балдар сомасының нәтижелері бойынша оқушыларды оқуға қабылдау ұсынылады. Бірдей балл жинаған жағдайда ҚР дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық орта мектептердің оқушылары арасында Республикалық конкурстың жеңімпаздары мектепке оқуға қабылдау кезінде басымдыққа ие болады. Бос орындарға




конкурстық іріктеуден өтпеген үміткерлер резервтік тізімге енгізілмейді және алдағы кезде мектепке жалпы тәртіптерге сай түседі.

7. Қашық орналасқан өңірлер мен облыстардан келген оқуға қабылданған балаларды мектеп жанындағы интернатқа қабылдау кезектілік тәртібімен және босаған орындар болған жағдайда директордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

8. Мектеп-интернат бос орындарға оқушыларды қабылдауға қосымша конкурстық турларды белгілеуі мүмкін. Мектеп-интернаттың интернет-ресурсында 1 ай бұрын құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру орналастырылады. Оқушыларды іріктеудің мазмұны, нысаны және өткізу мерзімі, оқуға қабылдау, оқудан шығарып жіберу, ауыстыру және аяқтап шығару тәртібі мектеп-интернаттың Жарғысына және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

#### 6. Нормативтік база

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
2. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың» үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы;
3. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығы;
4. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы
5. «Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы;
6. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ Жарғысы.

Әзірлеуші:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Дректордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	
Келісілді:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Кошкарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы	
2.	Болсамбеков Нияз Абдыкадырович	Мектеп-интернаттың заңгері	
3.	Юсупова Светлана Омаровна	Дректордың музыкалық жұмыс жөніндегі орынбасары	